



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-155-2-261-280>

ХҒТАР 17.07.31
Ғылыми мақала

С.К. Сыздықов¹, А.В. Таңжарықова²

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: ¹sake.sakebaev@mail.ru, ²Alua1973@mail.ru)

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ ПОЭТИКАСЫ: АҚЫН АЛАҚАНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ МЕН РУХАНИ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық рух, тарихи сана және тұлғалық трансформацияны А. Алақанұлының «Тер тамған жер» және «Ауыл» әңгімелеріндегі ұлттық поэтиканың архетиптік құрылымдары мен көркемдік тәсілдері арқылы қарастырылады. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – А. Алақанұлының прозалық шығармаларындағы ұлттық болмыс, тарихи жады және рухани трансформация мәселелерін көркемдік-эстетикалық және әдеби-теориялық тұрғыда талдау арқылы жазушы поэтикасының концептуалдық негіздерін айқындау. Негізгі бағыттары – тарихи уақыт пен субъектілік сана диалектикасын, ұлттық жад пен кеңістіктің архетиптік байланысын және дәстүр мен жаңғырудың көркемдік бейнесін саралау. Зерттеудің түпкі идеясы – кеңістік пен уақыт бірлігінің, символдық жүйе мен психологиялық бейнелеудің ұлттық болмыс пен тарихи сананы жаңғыртудағы мәнін ашу. Зерттеу әдістемесі құрылымдық, семантикалық және поэтикалық талдауға сүйенеді. Архетиптік талдау арқылы ұлттық жад пен кеңістіктің символдық өзара байланысы айқындалды; хронотоптық тәсіл кеңістік пен уақыттың көркемдік қызметін ашуға мүмкіндік берді; символдық интерпретация мен психологиялық-поэтикалық портреттеу кейіпкердің рухани трансформациясын тануға қолданылды. Нәтижесінде «Тер тамған жер», «Ауыл» шығармаларында тарихи уақыт пен субъектілік сана байланысы, экзистенциалдық күйзеліс және рухани қайта түлеу үдерісі көркемдік деңгейде ашылды. Мақалада ұлттық болмысты көркем мәтін арқылы зерделеудің әдістемелік үлгісі ұсынылып, қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық поэтиканы кешенді талдау бағыттары толықтырылады және әдебиеттану ғылымында ұлттық рух пен тарихи сананы көркемдік тұрғыдан пайымдаудың теориялық-әдіснамалық қырлары айқындалады.

Түйін сөздер: тарихи жады, рухани трансформация, архетип, хронотоп, постколониалдық дискурс.

Түсті: 21.03.2026; Жөнделді: 23.05.2026; Мақұлданды: 18.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

Кіріспе

Қазақ әдебиетінде ұлттық болмыстың көркем поэтикасын тарихи жады мен рухани трансформация ұғымдарымен өзара сабақтастыра зерттеу – қазіргі гуманитарлық ғылымдағы өзекті бағыттарының бірі. Бұл мәселенің өзектілігі ХХІ ғасырдағы жаһандану үдерісі мен ақпараттық кеңістіктің қарқынды дамуы жағдайында айқын көрінеді, себебі мұндай жағдайда ұлттық мәдени кодты сақтау және оны көркем шығармашылық арқылы жаңғырту қажеттілігі ерекше мәнге ие. Осы тұрғыдан алғанда, А. Алақанұлының прозалық мұрасы назар аударуға лайық: қаламгер шығармаларында тарихи оқиғалар, халық жадында сақталған архаикалық мифтер мен дәстүрлі құндылықтар заманауи рухани ізденістермен ұштасып, қазақ әдебиетінде өзіндік көркемдік модель түзеді. Тақырыпты таңдаудың басты негізі – Алақанұлы прозасындағы тарихи жады мен рухани трансформация феноменін біртұтас поэтикалық жүйе ретінде арнайы зерттеген еңбектердің болмауы. Бұған дейінгі әдебиеттану зерттеулерінде қаламгер шығармашылығы жекелеген қырынан – тілдік-стильдік ерекшелігі, метафоралық жүйесі немесе тақырыптық ауқымы тұрғысынан талданғанымен, тарихи жады мен рухани өзгеріс мәселелері бірізді, кешенді түрде қарастырылмаған. Осы жайт зерттеудің проблемалық ахуалын айқындап, тақырыпты жаңа ғылыми нысан ретінде белгілейді.

Зерттеудің мақсаты – қаламгердің «Тер тамған жер», «Ауыл» әңгімелеріндегі тарихи жады мен рухани трансформацияны ұлттық болмыс концептісі тұрғысынан талдап, олардың көркемдік-эстетикалық мәнін ашу.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылады:

- Алақанұлы прозасында тарихи жадыны бейнелейтін негізгі тақырыптық, бейнелік және символдық элементтерді анықтау;
- Рухани трансформация поэтикасының көркемдік құралдарын сипаттау;
- Ұлттық болмыс концептісін тарихи-мәдени контекстпен сабақтастыра талдау;
- Қаламгер прозасын қазіргі қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетінің рухани бағдарларымен байланыстыра сараптау.

Зерттеу гипотезасы – Алақанұлының прозалық шығармаларында тарихи жады мен рухани трансформация өзара сабақтасып, ұлттық болмысты жаңаша модельдеудің көркемдік тетігіне айналады; бұл екі ұғым поэтикалық жүйеде бір-бірін толықтыра отырып, автордың идеялық-эстетикалық тұжырымын қалыптастырады және заманауи қазақ әдебиетінде ұлттық мәдени кодты жаңғыртудың тиімді үлгісін ұсынады.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы – ұлттық болмыс поэтикасын тарихи жады мен рухани трансформация аясында кешенді талдау арқылы қазақ әдебиеттануындағы концептуалдық ұғымдарды тереңдетуінде және қазіргі әдеби процесті тарихи-мәдени контексте зерделеудің әдіснамалық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының негізгі материалы ретінде Ақын Алақанұлының «Тер тамған жер» және «Ауыл» әңгімелері алынды. Аталған шығармалар қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық болмыс, тарихи жады, рухани трансформация және тұлғалық жатсыну мәселелерін көркемдік-философиялық деңгейде бейнелеуімен ерекшеленеді.

Зерттеу барысында жазушы шығармаларының поэтикалық құрылымы, кейіпкер психологиясы, символдық жүйесі, кеңістік пен уақыт категориялары, ұлттық архетиптер мен тарихи сана көріністері кешенді түрде қарастырылды. Сонымен қатар

зерттеудің теориялық негізін әдебиеттану, мәдениеттану, философия және психология салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады. Атап айтқанда, М. Бахтиннің хронотоп теориясы, К.Г. Юнгтің архетип концепциясы, М. Элиаденің киелі кеңістік туралы тұжырымдары, Б. Майтановтың психологизм мәселесіне қатысты ғылыми пайымдаулары, З. Қабдоловтың көркемдік жүйе мен символ табиғаты жөніндегі еңбектері әдіснамалық бағдар ретінде басшылыққа алынды. Сонымен бірге қазақ прозасындағы тарихи жады, ұлттық дүниетаным және рухани трансформация мәселелерін қарастырған ғылыми зерттеулер де теориялық салыстырулар жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында әдеби талдаудың бірнеше әдістері кешенді түрде қолданылды. Ең алдымен, құрылымдық-семантикалық талдау әдісі арқылы шығармалардың композициялық жүйесі, баяндау құрылымы, көркемдік детальдар мен символдардың мағыналық қызметі сараланды. Бұл тәсіл мәтіндегі негізгі концептілердің өзара байланысын және авторлық идеяның көркем ұйымдасу ерекшелігін анықтауға мүмкіндік берді.

Хронотоптық талдау әдісі М. Бахтин теориясы негізінде жүзеге асырылып, шығармадағы уақыт пен кеңістік категорияларының көркемдік қызметі қарастырылды. Әсіресе, ауыл кеңістігінің тарихи жадымен, кейіпкер санасымен және рухани күйзеліс үдерістерімен байланысы анықталды. Кеңістік трансформациясының кейіпкер психологиясына ықпалы мен уақыт қабаттарының көркемдік ұйымдасуы талданды.

Архетиптік талдау әдісі арқылы мәтіндегі «ата мекен», «жер», «ауыл», «қара шаңырақ», «зират», «өзен» секілді ұлттық мәдени кодтарды білдіретін образдардың семантикалық табиғаты зерделенді. Бұл әдіс ұлттық дүниетанымның көркем мәтіндегі репрезентациясын айқындауға және кейіпкерлердің рухани болмысын ұжымдық сана аясында қарастыруға мүмкіндік берді.

Герменевтикалық талдау тәсілі шығармалардың астарлы мағыналарын, философиялық мазмұнын және символдық құрылымын интерпретациялауда қолданылды. Осы әдіс негізінде мәтіндегі тарихи сана, рухани күйзеліс, жатсыну және тұлғалық трансформация құбылыстарының көркемдік қызметі сараланды.

Психологиялық талдау әдісі кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін, эмоционалдық күйзелістерін, рухани дағдарыстарын және санадағы өзгерістерді анықтауға бағытталды. Әсіресе Ақтай мен Тұрлыбек бейнелері арқылы тұлғаның тарихи жадымен байланысы, жалғыздық сезімі, туған жермен рухани сабақтастығы және экзистенциалдық толғаныстары қарастырылды.

Салыстырмалы-типологиялық талдау әдісі арқылы Ақын Алақанұлы шығармалары қазақ және әлем әдебиетіндегі ауыл прозасының көркемдік дәстүрімен сабақтастықта зерттелді. Бұл тұрғыда шығармалар С. Мұратбеков, А. Сейдімбек, М. Мағауин, Д. Исабеков прозаларымен, сондай-ақ У. Фолкнер мен Дж. Стейнбек шығармаларындағы ауыл тақырыбы мен тарихи жады мәселелерімен салыстырылды. Нәтижесінде ұлттық әдебиеттегі рухани кеңістік концепциясының көркемдік эволюциясы мен ортақ поэтикалық заңдылықтары анықталды.

Зерттеу барысында мәтіндік интерпретация тәсілі де кеңінен қолданылып, көркем мәтіндегі деталь, портрет, диалог, ішкі монолог, символ және пейзаждық элементтердің поэтикалық қызметі талданды. Бұл әдіс авторлық дүниетаным мен көркемдік ұстанымды тереңірек пайымдауға мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, зерттеудің әдіснамалық жүйесі

тарихи-әдеби, психологиялық, мәдениеттанулық және поэтикалық талдау бағыттарын өзара сабақтастықта қарастыруға негізделді. Мұндай кешенді тәсіл Ақын Алақанұлы прозасындағы ұлттық болмыс пен тарихи жадының көркемдік табиғатын жан-жақты ашуға, сондай-ақ қазіргі қазақ әдебиетіндегі рухани трансформация мәселелерін тереңірек пайымдауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық болмыс, тарихи жады және рухани трансформация мәселелері кеңінен зерттеліп келе жатқан өзекті ғылыми бағыттардың бірі болып саналады. Әсіресе посткеңестік кезеңдегі әдеби процесте ұлттық бірегейлік, тарихи сана, жады феномені және тұлғаның рухани күйзелісі мәселелері жаңа методологиялық ұстанымдар негізінде қарастырыла бастады. Бұл бағыттағы зерттеулерде көркем мәтінді тек эстетикалық құбылыс ретінде емес, ұлттың мәдени жадын сақтаушы рухани кеңістік ретінде тану үрдісі қалыптасты.

Ұлттық жады мәселесін әдебиетпен байланыстыра қарастырған еңбектердің қатарында Р. Бердібайдың зерттеулері ерекше маңызға ие. Ғалым тарихи тақырыптағы шығармалардың көркемдік табиғатын саралай отырып, әдебиеттің тарихи сананы қалыптастырудағы қызметін айқындайды. Оның пікірінше, көркем шығарма ұлттың рухани тәжірибесін жинақтайтын әрі тарихи танымды ұрпақжадында сақтайтын мәдени механизм болып табылады (Бердібай, 1997). Бұл тұжырым А. Алақанұлы прозасындағы тарихи жадының көркемдік қызметін талдауда теориялық негіз ретінде маңызды.

Көркем шығармадағы кеңістік пен уақыт мәселесін ғылыми тұрғыда алғаш жүйелеген зерттеушілердің бірі – М. Бахтин. Ғалым енгізген «хронотоп» ұғымы әдеби мәтіндегі уақыт пен кеңістіктің көркемдік бірлігін танытады. Бахтиннің пайымдауынша, көркем кеңістік тарихи уақытпен сабақтаса отырып, кейіпкердің рухани әлемін қалыптастырады (Бахтин, 1975). А. Алақанұлы шығармаларындағы ауыл кеңістігінің тарихи жадпен байланыста берілуі, кейіпкердің туған жерге деген психологиялық қатынасы осы хронотоптық құрылым аясында қарастыруға мүмкіндік береді. Тарихи жады мен кеңістік категориясын мифологиялық әрі сакралды аспектіде түсіндіретін зерттеулердің бірі – М. Элиаденің еңбектері. Ғалым «киелі кеңістік» концепциясы арқылы адам санасындағы қасиетті мекен ұғымының мәдени-рухани мәнін ашады. Оның пікірінше, белгілі бір кеңістік ұлттың рухани жадында сакралды орталық ретінде орнығады (Eliade, 2001). Бұл теория А. Алақанұлы прозасындағы «туған жер», «атамекен», «ауыл» ұғымдарының символдық әрі архетиптік табиғатын түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

Ұлттық архетип пен ұжымдық бейсаналық мәселесін ғылыми айналымға енгізген К. Г. Юнг еңбектері де зерттеу тақырыбымен тікелей байланысты. Ғалым архетиптерді адамзат санасында ежелден сақталған рухани модельдер ретінде қарастырады (Jung, 1971). Қазақ прозасындағы «қара шаңырақ», «ата қоныс», «зират», «дала» секілді образдар ұлттық архетиптік жүйенің көркемдік көріністері ретінде танылып, ұлттың тарихи тәжірибесін бейнелейді. А. Алақанұлы шығармаларындағы ауыл кеңістігі де осындай архетиптік модельдердің бірі ретінде сипатталады.

Қазақ әдебиетіндегі психологизм мәселесін арнайы зерттеген ғалымдардың қатарында Б. Майтановтың еңбектері айрықша орын алады. Ғалым көркем мәтіндегі ішкі монолог, психологиялық портрет, сана ағымы, эмоционалдық күйзеліс сияқты тәсілдердің кейіпкер болмысын ашудағы қызметін жан-жақты саралаған (Майтанов, 1987; 1996). А. Алақанұлы әңгімелеріндегі кейіпкерлердің рухани жалғыздығы, жатсыну

сезімі мен өткенге деген сағынышы психологизм тәсілдері арқылы терең берілгендіктен, Майтанов тұжырымдары зерттеу барысында әдіснамалық негіз ретінде қолданылды.

Көркем прозадағы психологизм табиғатын Г. Пірәлиева да жан-жақты қарастырады. Зерттеуші заттық деталь, кеңістік, табиғат көрінісі мен тұрмыстық элементтердің кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметін атап көрсетеді (Пірәлиева, 2003). А. Алақанұлы шығармаларындағы темір тор, бос қалған үй, қираған қыстақ, зират сияқты детальдар тек пейзаждық элемент емес, рухани күйзелістің символдық көрінісі ретінде танылады.

Қазіргі қазақ прозасындағы жатсыну феноменін зерттеген ғалымдардың бірі – А. Таңжарықова. Оның еңбектерінде тұлғаның қоғамнан, кеңістіктен және өз болмысынан алыстау мәселесі посткеңестік әдебиет контекстінде қарастырылады (Таңжарықова, 2008). Бұл ғылыми тұжырымдар А. Алақанұлы шығармаларындағы кейіпкерлердің туған ортадан психологиялық тұрғыда жатсынуын талдауда теориялық тұрғыдан маңызды болды.

Ұлттық дүниетаным мен ауыл кеңістігінің көркем бейнесі қазақ әдебиетінде түрлі кезеңдерде көрініс тапқан. Әсіресе С. Мұратбеков, Ә. Нұрпейісов, Д. Исабеков, М. Мағауин, А. Сейдімбек шығармаларында ауыл ұлттық рухтың, тарихи жадтың және моральдық құндылықтардың орталығы ретінде бейнеленеді. С. Мұратбеков прозасындағы балалық шаққа деген сағыныш пен ауыл табиғатының психологиялық қызметі А. Алақанұлы шығармаларымен мазмұндық үндестік табады. Ал А. Сейдімбектің «Атамекен» әңгімесіндегі туған жер концепциясы мен ұлттық рух мәселесі «Ауыл» әңгімесіндегі идеялық бағдармен сабақтас келеді.

Әлем әдебиетінде де тарихи жады мен ауыл кеңістігінің күйреуі мәселесі кеңінен көрініс тапқан. У. Фолкнер шығармаларында американдық Оңтүстіктің тарихи күйреуі мен моральдық құлдырауы суреттелсе, Дж. Стейнбек прозасында әлеуметтік теңсіздік пен жерінен айырылған шаруалардың трагедиясы бейнеленеді. Бұл шығармалардағы рухани күйзеліс пен тарихи тамырдан ажырау мәселелері А. Алақанұлы прозасындағы ұлттық болмыс пен рухани трансформация проблемаларымен мазмұндық тұрғыдан үндеседі.

Сонымен қатар қазіргі әдебиеттануда постколониалдық дискурс аясында ұлттық идентификация, мәдени жад және тарихи травма мәселелері де кеңінен қарастырылуда. Бұл бағыттағы зерттеулер ұлттық әдебиетті тарихи тәжірибе мен мәдени код тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік береді. А. Алақанұлы шығармаларындағы кеңестік кезеңнен кейінгі әлеуметтік өзгерістер, ауыл кеңістігінің күйреуі, тарихи сабақтастықтың әлсіреуі секілді мәселелер постколониалдық әдеби таным тұрғысынан да маңызды ғылыми нысан болып табылады.

Осылайша, тарихи жады, ұлттық архетип, хронотоп, психологизм және рухани трансформация мәселелері отандық әрі шетелдік әдебиеттануда әртүрлі қырынан зерттелгенімен, А. Алақанұлы прозасындағы бұл ұғымдардың біртұтас поэтикалық жүйе ретінде арнайы қарастырылуы әдебиеттануда әлі де толық зерттелмеген бағыттардың бірі болып табылады. Сондықтан аталған мақала осы ғылыми олқылықтың орнын толтыруға бағытталады.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Әдеби-эстетикалық ұстанымдарды ұштастыра отырып, тарихи жады мен рухани трансформация тақырыптарын поэтикалық деңгейде көтерген қаламгерлердің бірі

– А. Алақанұлы. «Тарих сахнасында орны бар, ұрпақ зердесінде ұмытылмастай із қалдырған, кейде аңызға, кейде ертегіге айналған тарихи құбылыстардың болмысын нақты деректермен ұштастыра отырып, көркемдік шындық арқылы ашу – бүгінгі қаламгерлердің шығармашылық жауапкершілігі мен азаматтық миссиясының ажырамас бөлігі саналады. Бұл – ұлт тарихын жаңаша пайымдап, әдебиет арқылы тарихи таным көкжиегін кеңейтуге ықпал ететін игілікті үрдіс» (Бердібай, 1997).

Қаламгердің «Тер тамған жер» мен «Ауыл» әңгімелерінде көрінетін «ата мекен», «туған жер», «жер-су» ұғымдары М. Элиаде ұсынған «киелі кеңістік» концепциясымен үндес. «Бұл кеңістік тек қана географиялық аймақ емес, сонымен бірге рухани тәртіп пен құндылықтардың белгісі ретінде көркемдік тұрғыда айшықталады» (Мирча Элиаде, 2010).

А. Алақанұлының көркемдік әлемінде жеке адам мен ұлт жадын тұтастықта қарастыру басымдыққа ие. Бұл тәсіл – қазақ прозасының көркемдік эволюциясындағы өзіндік бағыттардың бірі ретінде бағалануы тиіс.

Жазушының «Тер тамған жер» әңгімесі — ұжымшарлық құрылыс кезеңіндегі әлеуметтік шындықты көркем бейнелеудің жарқын үлгісі. Автор шығармашылық тәсіл арқылы қоғамдық еңбектің мәнін, еңбек адамының ішкі болмысын, ұрпақ пен уақыт арасындағы рухани байланысты айқындайды. «Зерттеуші Қ. Байтанасованың тұжырымынша, көркем шығармада қамтылатын тақырып пен мазмұн, оның композициялық құрылымы мен идеялық жүйесі белгілі бір кезеңнің тарихи және әлеуметтік ахуалымен тығыз байланысты болып келеді. Шығарма сол дәуірдің қоғамдық-мәдени кеңістігін бейнелеумен қатар, сол заманның рухани сұраныстарына да жауап береді» (Baitanasova, 2023).

Әңгіменің басты идеялық өзегі – көркем уақыт пен кеңістіктің, балалық шақ пен қазіргі уақыттың қабаттаса өрілуі арқылы ауылдық болмыстың тарихи және рухани трансформациясы бейнеленеді. Автордың бала және кәрілік арасындағы көзқарас эволюциясы мен туған жерге деген көзқарасының өзгеруі әлеуметтік-психологиялық аспектілерде ашылады. Әңгіме ретроспективалық баяндау үлгісінде құрылған. Автор қазіргі уақыттан өткенге шегіне отырып, балалық шағындағы ұжымшар кезіндегі ауыл өмірінің көріністерін есіне алады. Бұл көркемдік тәсіл М. Бахтин ұсынған “хронотоп” ұғымы тұрғысынан маңызды: кеңістік (ауыл алқабы, өзен, қабақ) пен уақыт (КСРО кезі мен бүгінгі күн) бір-бірімен семантикалық байланыста дамиды:

- Өткен уақыт: еңбек, бірлік, қарапайым тіршілік, тер төгу.
- Қазіргі уақыт: жекешелендіру, жаттану, бөлектену, тер төкпеу (оңай жол).

Әңгіменің соңындағы темір тормен қоршалған алқап және шеттен келген иесі – символдық әрі әлеуметтік астары бар көрініс. Бұл – бір кездері халықтың маңдай терімен игерілген, «тер тамған» қасиетті жердің бүгінгі таңда жеке меншікке өтіп, халық баласының еркінен тыс қалғанын меңзейтін астарлы сын. Бұл – автордың тарихи жады арқылы қоғамның рухани-әлеуметтік дағдарысын бейнелеуі.

«Алла жазса биыл күзде жылдағыдан артық астық алатын мүмкіндік бар, тек осы екі жаңа жерді жырттып үлгеруіміз керек. Сәтіне салса сепсек болды, аламыз. Мынандай жерге шықпағанда қайда шығады. Қараңдаршы міне, мап-майда, үгіліп тұр, топырақ емес май деген сөз, май, дымқылдығы мынау...» (Алақанұлы, 2010) – деп, қара топырақты уыстап алып, алақандарымен мыжғылап, танауына таятып иіскеп қояды. Оның қара топырақты уыстап алып, «топырақ емес май деген сөз» деуі – метафора ғана емес, еңбек адамының топырақпен тілдесе алатын, жердің бабын білетін қазақи болмысын көрсетеді. Бұл

– антропоцентризм емес, агроцентризм – яғни, адамның бар рухани қуаты еңбек пен жерге қызмет етуге бағытталған. «Иіскеп қояды» – бұл әрекет қарапайым баяндау емес, экспрессивті деталь. Ол кейіпкердің жермен байланысын тактильді, иіс сезімі арқылы, яғни сезімдік планда суреттейді. Бұл арқылы жазушы психологиялық реализмге бой ұрады. Топырақ – өмірдің символы. Бұл үзіндіде топырақтың майдай жұмсақ, құнарлы болуы – ауыл еңбеккерлерінің үмітін, болашақ мол өнімнің кепілін білдіреді. Мұндай тәсілді қазақ әдебиетінде бұрын М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтің шығармаларынан кездестіреміз. Топырақтың иісі – үміттің иісі. Бұл – ауыл тіршілігінің, адам мен жер арасындағы терең қатынастың көркем бейнесі. Мұнда экологизм мен натурализм элементтері де байқалады. Батырбайдың сөзі арқылы жер игеру, еңбек ету, жоспар орындау – социалистік ұрандардың көрінісі ретінде көрінеді. Бірақ жазушы оны ашық үгіт түрінде емес, кейіпкер әрекеті арқылы көркем түрде астарлап береді. Бұл – әдеби интерпретацияда идеологияны көркемдікке сіңірудің сәтті үлгісі. Берілген үзінді – «Тер тамған жер» әңгімесінің идеялық кілті десе болады. Жерге деген сүйіспеншілік, еңбекке сенім, ұлттық дүниетаным – барлығы осы қарапайым көрініс арқылы берілген. Бұл – эстетикалық мазмұны терең, көркемдік құрылымы шебер ұйымдастырылған эпизод.

Әңгімеде басты кейіпкерлер ретінде Батырбай бастық, Ақбала ана, бала кейіпкер (Ақтай), бейнелері алдыңғы қатарда көрінеді. Бұл тұлғалар ұжымшар тарихын сипаттай отырып, сол дәуірдің әлеуметтік-психологиялық келбетін айқындайтын бейнелер ретінде көркемдік-функционалдық рөл атқарады. Батырбай бейнесі — еңбек ұйымдастырушысы және халық жетекшісі, кеңестік дәуірдегі жаңа қоғамдық қарым-қатынастар аясында дүниеге келген басшы тұлға типінің көркем көрінісі. Автор Батырбайдың сыртқы кескін-келбетінен бастап, мінез-құлқына дейін шебер суреттейді: «Керегармандайға біткен шаралы түйе көзі... жалын шашып тұрғандай». Бұл сипаттамалар арқылы жазушы кейіпкердің табиғи харизмасы мен ұйымдастырушылық қабілетін алға тартады. Ол — бір сәтте қаһарлы, енді бір сәтте мейірім таныта алатын күрделі бейне. Батырбай — тек әмірші ғана емес, ел болашағын ойлаған адал еңбек адамы. Оның бастамасымен жаңа жер жыртылып, халықтың тұрмысы жақсара түседі. Әсіресе, бала кейіпкерге деген ықыласы (басынан сипауы, жылы сөз айтуы) оның тек қатыгез емес, жүрегі жұмсақ, тәрбиелік миссияны да атқара алатын тұлға екенін дәлелдейді. Ақбала ана бейнесі — еңбекқорлық пен аналық мейірімнің символы әрі, әйел-ана бейнесінің жиынтық үлгісі. Жазушы бұл кейіпкер арқылы қиын-қыстау замандағы қазақ әйелінің қайсарлығын, еңбекке деген адалдығын, ұрпақ алдындағы жауапкершілігін бейнелейді. «Бүкіл денесімен иіліп, белін уқалап, қайтадан іске кірісуі» — Ақбала образының ішкі қуатын, төзімділігін танытады. Сонымен қатар, оның баласын жетелеуі, онымен бірге еңбек етуі — отбасы құндылықтары мен еңбек тәрбиесінің сабақтастығын көрсететін маңызды көркемдік штрихтар.

Бала кейіпкер (Ақтай) — ұрпақ жалғастығының символы ретінде авторлық таным мен көркем идеяның басты медиаторы. Әңгіме желісі осы баланың көзімен беріледі. Сол арқылы оқырман үлкендердің өміріне, еңбекке, әлеуметтік өзгерістерге бала санасымен үңіледі. Баланың бейнесі еңбекке бейімделу, қиындыққа мойымау, елгезектік секілді қасиеттерді бойына сіңіру арқылы қазақи тәрбиенің өміршеңдігін паш етеді. Бұл кейіпкер — халық өмірінің келесі буынын бейнелейтін символдық тұлға.

«Көркем шығармадағы кейіпкер характері – оның ішкі болмысы мен психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы ретінде танылады. Бұл сипаттар адамның қоғамдық

ортада қалыптасқан мінез-құлқын да қамтиды. Зерттеушілердің пікірінше, жазушы әдеби шығармада адам бейнесін жасай отырып, сол кейіпкер өмір сүрген қоғам мен дәуірдің типтік белгілерін жинақтап көрсетеді. Әдеби шығармада кейіпкердің табиғатын ашуда портреттік сипаттаудың маңызы өте зор. Портрет арқылы жазушы кейіпкердің мінез-құлқы мен жан дүниесінің маңызды тұстарын нақты бейнелеуге мүмкіндік алады. Осыған орай, портреттің қолданылу сипатына байланысты бірнеше түрлері айқындалады: психологиялық портрет, динамикалық портрет, жұп портрет, даралық портрет, ситуациялық портрет және топтық портрет. Бұл портрет түрлері көркем шығармада түрлі жағдаяттарға сай қолданылып, кейіпкер бейнесін жан-жақты аша түсуге қызмет етеді» (Жанұзақова, 2015).

Ақтай – әңгіменің баяндаушысы әрі басты кейіпкерлерінің бірі, әкесінен ерте айырылған, анасы Ақбаламен бірге ұжымшардың ауыр еңбегіне араласқан бала. Оның психологиялық портреті мынадай негізгі белгілер арқылы ашылады:

- Ішкі күйзеліс: Ақтайдың ішкі күйзелісі оның бастық Батырбайға деген қорқынышы арқылы айқын көрінеді. Мәтінде оның «бастыққа тура қарауға жүзім шыдамай» және «зәрем ұшып» деген сөздері баланың билік фигурасына қатысты қорқыныш пен үрейін аңғартады. Бұл сезімдер оның әкесіз өсуі, әкелік мейірімге зәру болуы және элеуметтік ортадағы өз орнын іздеуімен байланысты. Психологиялық тұрғыдан алғанда, Ақтайдың бұл күйзелісі балалық шақтың әлсіздігі мен қоғамдық иерархияға бейімделу қажеттілігінің қақтығысын бейнелейді.

- Еңбекке құлшыныс: Ақтайдың еңбекке деген құлшынысы оның «кетпенін бар Күші мен сілтеуі» арқылы беріледі. Бұл әрекет оның ерте есейгенін және анасына қолдау көрсету арқылы отбасылық жауапкершілікті сезінуін көрсетеді. Еңбекке араласуы оның психологиялық дамуында маңызды рөл атқарады: ол өзін қоғамның пайдалы мүшесі ретінде сезініп, өзін-өзі құрметтеу сезімін қалыптастырады.

- Эмоционалдық әсерлену және елжіреу: Ақтайдың Батырбайдың басынан сипағанына «төбем көкке жеткендей марсиып қалуы» оның әкелік мейірімге деген сағынышын және эмоционалдық осалдығын ашады. Бұл эпизод баланың ішкі дүниесіндегі жылу мен қамқорлыққа деген қажеттілікті айқын бейнелейді. Батырбайдың мейірімі Ақтайдың өзін-өзі бағалауын арттырып, оған қосымша жігер береді, бұл оның психологиялық дамуындағы маңызды сәт болып табылады.

Зерттеуші Б. Майтанов көркем әдебиеттің басты қасиеттерінің бірі ретінде психологизм ұғымына ерекше назар аударады. Оның пайымдауынша, «психологизм – сөз өнерінің сапалық көрсеткіші, ал көркем мәтіндегі кейіпкердің жан дүниесін, ішкі сезім иірімдерін жеткізудің түрлі тәсілдерінен құралатын амалдар жүйесі болып табылады. Шынында да, көркем шығармада қаһарманның әртүрлі жағдайлардағы ой ағымы, көңіл күй ауытқуы мен сезімдік арпалыстары, іс-әрекет үстіндегі ішкі қайшылықтары терең әрі күрделі психологиялық қырлар арқылы ашылады. Бұл жағдайлар кейіпкер болмысын тереңнен танытып, психологизмнің көркемдік-эстетикалық табиғатын айқындауға мүмкіндік береді» (Майтанов, 1987).

Ақтайдың образы арқылы автор психологизмді мынадай тәсілдермен жүзеге асырады:

- Эмоционалдық күйзеліс: Ақтайдың эмоционалдық күйзелісі әңгіменің соңғы бөлімінде, туған жеріне оралған кезде айқын көрінеді. Ол балалық шағын еске алып, «азабы мен қызығы аралас» кезеңді сағынады. Бұл сағыныш оның туған жеріне, анасына және Батырбайға деген ностальгиялық сезімдерін күшейтеді. Алқаптың темір

тормен қоршалуы және оның жат болып сезілуі Ақтайдың ішкі дүниесіндегі жоғалту мен жалғыздық сезімін бейнелейді, бұл психологиялық тереңдіктің маңызды элементі болып табылады.

- Балалық және ересектік перспективасының салыстырмалы берілуі:

Ақтайдың балалық шағы мен ересек кезеңдегі ой-толғаныстары әңгіменің уақыттық құрылымы арқылы салыстырмалы түрде беріледі. Бұл салыстыру Ақтайдың психологиялық эволюциясын және оның туған жеріне деген эмоционалдық байланысын ашады. Әсіресе, ауыл балаларымен әңгімесінен кейінгі «қабақтан асып аяғымды аттап басқым келмеді» деген сөздері оның ішкі дүниесіндегі эмоционалдық күйзелістің кульминациясын білдіреді.

- Символдық мәні: Ақтайдың образы – жаңа дәуірдің, ұжымшар жүйесінің және қоғамдық еңбектің болашағына деген үміттің символы. Оның туған жеріне оралуы және алқаптың өзгерістеріне деген реакциясы дәстүр мен заманауи өзгерістер арасындағы қақтығысты білдіреді. Ақтайдың ішкі толғаныстары мен сағынышы оның жеке басының ғана емес, сол кезеңдегі қазақ қоғамының ұжымдық санасының да көрінісі болып табылады.

Ақтай кейіпкерінің психологиялық портреті оның ішкі күйзелісі, еңбекке құлшынысы және эмоционалдық әсерленуі арқылы терең ашылады. Автор ішкі монологтар, эмоционалдық күйзеліс және балалық пен ересектік перспективасын салыстыру арқылы психологизмнің көркем көрінісін жасайды. Ақтайдың образы – балалық шақтың қиындықтары мен ересектік сағынышының синтезі, сонымен қатар ұжымшар дәуіріндегі әлеуметтік-психологиялық өзгерістердің шынайы бейнесі.

Әдеби шығармада кейіпкерлердің болмысын ашу – авторлық көркемдік ізденістің өзегі. Бұл тұрғыда кейіпкерлердің түрлі әрекеттері мен мінез-құлқы, дүниетанымы мен ішкі толғаныстары, қоршаған ортамен қарым-қатынасы, көзқарас жүйесі мен сөйлеу ерекшеліктері – олардың бейнесін жан-жақты сипаттауға мүмкіндік беретін көркемдік-бейнелеу құралдары болып табылады. Осы элементтердің барлығы шығарманың идеялық-мазмұндық құрылымында кейіпкер тұлғасын қалыптастыратын маңызды детальдар жүйесін құрайды. (Алпысбаев, 2004).

«Осы жерге келген сайын көз алдыма сонау-сонау елес қана болып келмесе кеткен азабы мен қызығы аралас балалық шақты, аяулы марқұм анам Ақбаланы, игілік жолында терін төккен ардагер аға Батырбайды, қиқар Қабанбайды, тұралаған жануар қара атанды елестетемін де, шексіз тұңғыық ой тұманына сүңгіп кете беремін. Бұл кезде олардың бәрі де келмесе кеткен. Оларды қимастықпен еске алар арттарында қалған өшпес белгі іспетті осынау құнарлы алқап әлі сол күйі жатыр... Бұл жолы бұрынғыдан басқаша байқағаным алқапты айналдыра темір тормен қоршап қойыпты. Қоршау кіре берісінің бас жағына ала төбе шатыры біздей аппақ шағаладай екі қабат үй тұрғызылыпты» (Алақанұлы, 2010).

Көркем шығармадағы «елес қана болып келмесе кеткен балалық шақ», «аяулы марқұм анам Ақбала», «ардагер аға Батырбай», «қиқар Қабанбай», «тұралаған жануар қара атан» сияқты детальдар адам санасындағы рухани жадының көріністері ретінде беріледі. Бұл бейнелердің әрқайсысы тек жекелеген адамдарды ғана емес, тұтастай бір ұрпақтың тағдырлық желісін, тарихи-әлеуметтік кезеңді бейнелеуге бағытталған.

«Әңгіме адамның іс-әрекеті арқылы белгілі бір моральдық ақиқатты көрсетуді көздейді, сол арқылы ол оқырманның сезімі мен қиялын оятады» (Abrams, 2005).

Автор санасындағы қайғылы да қимас сәттер бейнелі тілмен беріле отырып, оқырманды өткен өмірге ой жүгіртуге итермелейді. Әңгімедегі рефлексиялық баяндау тәсілі кейіпкердің ішкі әлемін ашуға ықпал етеді.

Әдеби мәтіннің кеңістік пен уақыт координаталары көркемдік құрылымның маңызды элементтерінің бірі ретінде танылып, шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнын тереңдетуге ықпал етеді. Талдауға алынған туындыда «игілік жолында терін төккен» тұлғалар өмір сүрген «құнарлы алқап» образы ұлттық жады мен рухани мұраның символдық репрезентациясы ретінде ұсынылады. Бұл кеңістік өткен уақыттың құндылықтарын, яғни еңбек пен адамгершілік идеяларын бойына сіңірген тарихи-мәдени орта ретінде бейнеленген.

Алайда қазіргі кезеңдегі «темір тормен қоршалған» алқап көрінісі уақыт ағынымен орын алған кеңістіктік және болмыстық трансформацияны білдіреді. Бұл өзгеріс жекешелендіру үдерісімен қатар, табиғи және әлеуметтік құрылымдардың күйреуін, ортақ игіліктің жекеменшікке өтуін көрсетеді. Темір тор бейнесі осындай әлеуметтік әділетсіздіктің көркемдік символына айналады.

Кейіпкерлер жүйесі де уақыт пен кеңістіктегі құндылықтар алмасуын нақтылайды. Ақбала ана, Батырбай бастық пен бала Ақтай сынды образдар кеңестік дәуірдегі еңбек адамының, адамгершілік пен ұлтқа қызмет ету ұстанымдарының көрінісі болса, қазіргі балалар мен Пак (жердің иесі) бейнелері бүгінгі қоғамның рухани күйін сипаттайды.

Кеңістік пен уақыт бейнесі әдебиетте ең мәнді қасиетке ие. Әрбір көркем туындының өз болмысына сай кеңістігі мен уақыт сипаты болады. Мәселен, әрбір көркем туындының сюжеті мен идеясы оның құрылым жүйесін қалыптастырады. Мұны реттеп, жүйелейтін автор. Әдебиеттану ғылымында «хронотоп» ұғымын алғаш рет теориялық деңгейде негіздеп, оны зерттеу нысаны ретінде ғылыми айналымға енгізген зерттеуші – М. Бахтин:

«Әдеби көркем шығармадағы хронотоп дегеніміз – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақтылы бір бүтіннің табиғатына лайық бірлікте көрінуі. Уақыт таңбасы кеңістікте белгіленіп көрінеді. Ал кеңістік уақыт арқылы танылып, уақыт арқылы өлшенеді. Мінеки көркем хронотоп қатпарлардың осылай қиысып, белгілердің осылай қосылып, тұтастануымен сипатталады» (Бахтин, 1975) - деп анықтама береді.

А. Алақанұлы прозасында кеңістік пен уақыт категориялары көркемдік және психологиялық деңгейде терең сипатталады. Автор кейіпкердің балалық шақпен байланысты мекенге деген ішкі қатынасын бейнелей отырып, уақыт өте келе санада орын алатын өзгерістерді суреттейді. Адамның өз-өзінен жатсыну феномені қазіргі заманғы әдебиетте өзекті зерттеу нысанына айналуға бұл құбылыс, ең алдымен, адам болмысының рухани күйзелісі мен дағдарысының көрінісі ретінде қарастырылады. Мұндай рухани дағдарыс көбіне тұлғаның ішкі жан дүниесіндегі терең қайшылықтардан туындайды және оның өмірлік кеңістігіндегі трагедиялық жағдайлармен астасып жатады. «Ғылыми әдебиеттерде жатсыну құбылысы бірнеше бағытта қарастырылады. Оның алғашқысы – адамдар арасындағы өзара жатсыну. Бұл жағдайда көркем әдебиетте жеке адамның тағдыры арқылы жалпы адамзаттық күйзеліс бейнеленіп, жазушылар қатал өмір шындығының құрбанына айналған кейіпкерлерді суреттейді. Екінші қырынан алғанда, жатсыну адамның қоғамнан оқшаулануын білдіреді. Мұнда тұлға мен әлеуметтік орта арасындағы алшақтық, олардың арасындағы үндестіксіздік көркем шығармаларда басты көркемдік нысанға айналады» (Таңжарықова, 2008). Осы ғылыми тұжырымды негізге ала отырып, қазіргі қазақ прозасындағы жатсыну мен жалғыздық

мәселелерінің көркемдік тұрғыда терең зерделеніп отырғанын аңғаруға болады. Атап айтқанда, тәуелсіздік кезеңінде жазылған шығармаларда бұл мәселелер айрықша көрініс тапқан. Аталған тенденция А. Алақанұлының прозалық туындыларында да айқын байқалады. Мәселен, «Сонау бала кездерімде мамықтай жұмсақ топырағына емін-еркін аунап-қунап жатқан осынау алқап маған әп-сәтте мүлде жат, бөлек бір дүниедей сезіліп сала берді...» деген жолдарда кеңістікке деген көзқарастың күрт өзгеруі байқалады. Мұнда жатсыну (немесе тұлғалық бөтенсу) құбылысы көрініс табады. Яғни кейіпкер өзі өскен, кезінде жақын болған кеңістікті енді бөтен әрі жат күйде қабылдайды. Бұл — адамның ішкі дүниесіндегі рухани трансформацияның, уақыт пен жад арасындағы үзілістің көрінісі.

Ғылыми-психологиялық тұрғыдан алғанда, жатсыну — тұлғаның өзіне бұрыннан таныс кеңістікке, ортаға немесе тәжірибеге қатысты енді эмоционалды байланыс орната алмауы, сол арқылы оның өзін-өзі тануындағы диссонанс. Бұл құбылыс жазушы шығармаларында кеңістік арқылы бейнеленіп, кейіпкердің рухани ахуалындағы күйзеліс пен ішкі үдерістерді танытады. Алақанұлының көркемдік әлемінде кеңістік тек пейзаждық фон емес, сонымен бірге тұлғаның жадымен, өткенімен, танымдық түйсігімен сабақтасқан маңызды психологиялық категория ретінде сипатталады. Осы арқылы жазушы кейіпкер мен ортаның арасындағы қатынасты уақыт пен тәжірибе аясында жаңаша пайымдайды. Кеңістікке деген жатсыну – ұлттық болмыс пен жекелік сананың өзгерісін қатар бейнелейтін маңызды көркемдік-танымдық элемент ретінде айқындалады.

Ғалым Г. Пірәлиеваның пікірінше, «көркем шығармада қолданылатын заттық детальдар кейіпкерді қоршаған орта мен психологиялық кеңістікті, табиғи ландшафтты, ішкі кеңістікті шынайы әрі дәл бейнелеуге мүмкіндік береді. Автордың тұжырымынша, заттық әлем кейіпкердің болмысын, эстетикалық талғамын, күнделікті тіршілігі мен мінез-құлқын суреттеуде маңызды көркемдік әрі психологиялық қызмет атқарады» (Пірәлиева, 2003).

Шығармада балалардың: «Ол бізбен сөйлеспейді», «Қазақша білмейді» деген сөздері – қоғамда орын алып отырған әлеуметтік теңсіздік пен мәдени шеттету үдерістерінің көрінісі ретінде қарастырылады. Бұл деталь – бір қарағанда қарапайым реплика болғанымен, оның астарында тіл арқылы бөліну, ұлттық сәйкестіктің бұзылуы, сондай-ақ «біз» және «бөгде» ұғымдарының қалыптасуы жатыр. Балалар бейсаналы түрде өз ортасынан бөтенді бөліп, тіл білмеуді – жаттықтың белгісі ретінде қабылдайды. Мұндай көрініс тәуелсіздік жылдарындағы қазақ қоғамындағы тілдік, мәдени, таптық айырмашылықтардың ұрпақ санасына қалай сіңіп бара жатқанын аңғартады.

А. Алақанұлының шығармасындағы ауыл өмірі мен балалық кезеңнің көркем бейнеленуі қазақ әдебиетіндегі ауыл прозасының дәстүрімен табиғи үндестік табады. Бұл тұрғыда шығармада Т. Әлімқұлов, М. Мағауин, Д. Исабеков, С. Мұратбеков, А. Сейдімбек, Ә. Нұрпейісов сынды қаламгерлердің прозасымен рухани-эстетикалық сабақтастық байқалады. Әсіресе, С. Мұратбековтің «Жусан иісі», «Жабайы алма», «Қан мен Тер» сияқты туындыларында суреттелетін ауыл кеңістігі мен балалық шаққа тән ностальгиялық көңіл күй осы мәтінмен мазмұндық әрі стильдік жағынан жақын келеді. С. Мұратбековтің шығармаларындағы табиғат пен балалық бейнесі көбіне ішкі эмоциялық ахуалмен, өткен шаққа деген сағынышпен астасса, Алақанұлының прозасында бұл сарын посткеңестік кеңістіктегі әлеуметтік күйзелістермен, жатсыну мен рухани үзіктіліктің белгілерімен тереңдей түседі. Мұндағы интертекстуалдық үндестік ауыл тақырыбына

деген ортақ көзқарастан ғана емес, көркемдік тәсілдер мен кейіпкердің ішкі әлемін беру формаларынан да көрінеді. Бұл шығармаларда ауыл – тек географиялық аймақ емес, тұлғалық және ұлттық жадының басты тірегі ретінде көркем бейнеленеді.

А. Алақанұлы шығармасында «жер» ұғымы тек физикалық кеңістік ретінде емес, мәдени-рухани құндылық және әлеуметтік қатынастардың көрсеткіші ретінде бейнеленеді. Бұл тұрғыда шығармада жерге деген көзқарастың тарихи өзгерісі анық байқалады: өткен кезеңде жер – Ана, адамның тіршілік көзі, туған топырақпен рухани байланысының символы болса, қазіргі уақытта ол коммерциялық активке айналған.

Осы тұрғыдан алғанда, шығармада жер — бір жағынан, өткенмен байланыстыратын рухани код, екінші жағынан, қазіргі қоғамдағы нарықтық қатынастардың нысаны ретінде қарастырылады. Бұл өзгеріс кейіпкер дүниетанымындағы жатсыну сезімін күшейтіп, оқырманды ұлттық жады мен тарихи құндылықтар туралы ойлануға итермелейді. Жазушы ауыл шындығын суреттеу арқылы ұлттың ішкі рухани картасын қайта зерделеуге мүмкіндік береді.

Посткеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінде тарихи жады мен ұлттық болмыстың көркемдік репрезентациясы ерекше маңызға ие болды. Әсіресе ауыл тақырыбы бұл кеңістік ретінде ғана емес, ұлттық рухтың, дәстүр мен тарихи жадтың шоғырланған кеңістігі ретінде көрініс тапты. Осы орайда, Ақын Алақанұлының «Ауыл» атты әңгімесі ұлттық дүниетаным мен әлеуметтік өзгерістерді көркемдік-философиялық тұрғыда бейнелеудің озық үлгісі ретінде назар аудартады.

Шығарма тақырыбы – ауыл өмірінің күйреуі, ауыл қарттарының рухани күйі, тарихи жад пен жаңғыру арасындағы қайшылық. Автор ауылды тек тұрмыстық кеңістік ретінде емес, ұлттық рухтың, тұтастықтың, тектілік пен табиғилықтың мекені ретінде ұсынады. Ал бұл рухани кеңістіктің бұзылуы – ұлттың өзегін үзіп түскендей әсер береді. Шығармада көтерілген басты идея – жаңа заманға бет бұрған қоғамның өткенін ұмытуы мен рухани құлдырауы. Әңгіменің экспозициясы мен кіріспесінде Асанқайғы туралы аңызға сілтеме жасау арқылы мәтіннің философиялық астары тереңдетіледі. Бұл тәсіл шығармадағы «жерұйық» концепциясының ауылмен байланысып, қазақтың дәстүрлі мекендік санасына айналуын білдіреді. Автор баяндауы мен кейіпкер ойлары араласып, ішкі монолог пен диалогтық элементтер арқылы оқырманды ауыл адамдарының тағдырлық иіріміне жетелейді. Ғалым Т. Шемякина «Символдар мен архетиптер арқылы этностың ұлттық менталитеті мен ұлттық әдеби дәстүр ерекшеліктерін анықтауға болады» (Шамякина, 2001) деген пікір білдіреді.

Әңгімеде қолданылған Ертіс өзені, шағын зират, сарғайған кең дала, қара шаңырақ секілді детальдар – ұлттық архетиптік жүйемен сабақтас. Ертіс – өмірдің мәні мен тыныс-тіршіліктің бастауын білдірсе, зират – тұқым сабақтастығы мен рухани тамырдың символы. Шатырын бұзып жатқан үй – күйреудің нақты метафорасы, ал қаладағы көп қабатты үй – жатсыну мен рухани шекараның белгісі ретінде қарастырылады.

«Ауыл» әңгімесінде автор ауылдың күйреуін тек тұрмыстық дағдарыс ретінде емес, рухани құндылықтардың жоғалу үдерісі ретінде көрсетеді. «Қоғам тірлігі, заман ағымы қаһармандар бойындағы түрлі қасиеттерден, олардың күрделі қарым-қатынасынан, дүниетанымынан, көзқарасынан көрінбек» (Қабдолов, 2003). Тұрлыбек бейнесі арқылы ұлт жадының тірі куәгері, рухани тамырынан айрылмауға тырысқан адам бейнесі жасалады. Оның қалаға көшуден бас тартуы — жаһандану мен дәстүр арасындағы іштей күрестің символдық көрінісі. Басты кейіпкер Тұрлыбек ақсақал – ауыл өмірінің қасіретін өз басынан өткеріп отырған, ұлттық рух пен өмір сүру философиясының иесі.

Оның қалаға көшуге қарсылық білдіруі – тек тұрғылықты орнын ауыстыруға емес, өркениет пен табиғилық, жаһандану мен дәстүр арасындағы күреске берілген жауап ретінде қабылданады. Бұл – ұлт жадындағы тұрақтылық пен тамырлылыққа деген арманның көрінісі. Әңгімеде антагонист бейнесінде ашық кейіпкер болмаса да, Садырхан есімімен берілген тоғышарлық пен сатқындық образы ауылдың күйреуінің символына айналады. Садырхан – нарық заманында ар-ұятты ысырып қойып, қоғам мүддесін жеке пайдасына айырбастаған жаңа дәуірдің өкілі. Бұл кейіпкер арқылы автор моральдық құндылықтардың құлдырауын сынға алады.

– Біздің фирманың президенті тек сіздің үйді ғана емес, осы қыстақты тұтастай сатып алыпты. Ана мал қоралар, қоймалар, бетон плита қоршаулар, мына көршіңіздің үйіне дейін керекке жарайтынның бәрі бұзылып алынады. Бізге ренжіп босқа әуре болғанша, ертерек қам-қаракетіңізді ойлаңыз.

– Осыны осылай істетіп отырған тақ Садырхан сұмырайдың өзі шығар, – деп кемпірі кіжінді. Бағанадан бері Тұрлыбектің де ойында осы болған. Баяғыдан бері бүкіл село халқының күнкөріс көзі боп келген ұжымдық шаруашылық тарап, бірнеше жеке қожалық болып құрылған кезде, қомақты мал дәулет пен арқалы техниканы ебін тауып астына басып қалған сол Садырхан еді. Айналасы екі-үш жылдың ішінде аз ғана малды оңды-солды жұмсап құртты да, Қызылжар қаңырап бос қалды. Бос қалған басқа бес-алты үйдің есік, терезелерін үңірейтіп, шатырын жұлып, едендерін суырып алып кеткен де соның өзі. Енді Міне, қыстақтың қалған жұрнағын сырттай сатып жібері түк білмегенсіп отырған да сол.

Бұл эпизод – А. Алақанұлының «Ауыл» әңгімесіндегі әлеуметтік трансформация мен моральдық құлдыраудың ең шарықтау сәттерінің бірі. Ол тек ауыл тіршілігінің күйреуін ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана, ұжымдық мораль мен рухани жад секілді ұғымдардың күйзелісін де суреттейді. Кеңес Одағы тарағаннан кейін ұжымшарлар жойылып, оның орнына жеке қожалықтар пайда болған уақыт – ауыл халқы үшін аса ауыр өтпелі кезең болды. Осы тұста бұрынғы қоғамдық меншік жекеменшіктің жеміне айналып, бұқара халықтың еншісі өзінен тартып алынды. Эпизодтағы нақты тұрмыстық заттар – мал қоралар, қоймалар, темір науалар, су құбырлары, шатыр, есік, терезе, бетон қоршаулар – барлығы да ауыл тіршілігінің нақты детальдары болуымен қатар, рухани құрылымның күйреуінің де метафорасы. Мұнда ауыл өмірінің күйреуі – жеке адамның санасындағы күйреумен қатар өрбиді. Садырхан – жаңа кезеңнің реалистік әрі символдық кейіпкері болса, Тұрлыбек – ұлттық жадтың сақтаушысы, қоғамдық әділеттіліктің үнсіз қорғаушысы ретінде көрінеді. Эпизодта қоғамдық құндылықтардан айырылу, әлеуметтік әділетсіздік, қызметін жеке пайдасына пайдаланған шенеунік бейнесі – сол дәуірдің көркем хроникасы ретінде ашылады. Садырхан – шығарманың басты антагонистік кейіпкері болмаса да, нарықтық эгоизм мен рухани құлдыраудың және тамырсызданған жаңа тап өкілінің символының көрінісі ретінде эпизодта толық ашылады. Садырхан бейнесі арқылы қоғамдық иесіздік, ұрпақтар сабақтастығының үзілуі, тарихи жадының көмескіленуі тәрізді құбылыстар тұспалдап жеткізіледі. Кемпірдің Садырханға бағытталған «сұмырай» сөзі – жай ғана тұрмыстық кіжіну емес, ұлттық наразылықтың көрінісі. Бұл эпизодтағы қарсылық – тек Садырханға ғана емес, өткен мен бүгін арасындағы рухани шекараға, жаһанданудың селқос, безбүйрек логикасына бағытталған. Сондай-ақ эпизодта әдеби сатира мен ирония элементтері байқалады. Садырханның бәрін сатып, өзін сырттай ештеңеден хабарсыз етіп көрсетуі – қоғамдағы көзбояушылықтың, екіжүзділіктің көркем бейнесі.

Фольклордан бастап қазіргі қазақ әдебиетіндегі этномәдени архетиптерді зерттеу арқылы тұтас ұлтымыздың болмысын, ұлттық дүниетанымы мен менталитетін айқындауға болады. К. Г. Юнгтің сөзімен айтсақ: «Кез келген халықтың этномәдени архетиптері символдар жүйесі арқылы беріліп, сол елдің ұлттық құндылықтары негізінде қалыптасады. Бұл сол елдің болмысын, дүниетанымын ашуға септігін тигізеді» (Jung, 1971).

А. Алақанұлының «Ауыл» әңгімесі мен А. Сейдімбектің «Атамекен» әңгімесін көркемдік әрі дүниетанымдық деңгейде байланыстыруға болады. Бұл екі шығарма да – атамекен мен ұлттық жадының символдық кеңістігі, қазақ ауылын – ұлт руханиятының ошағы ретінде бейнелеуімен үндес. Тұрлыбекте, Айтуғанда – дәстүрлі қазақ дүниетанымының тұлғалық көріністері, рухани жадыны сақтаушы “ақсақал” архетипіне жатады. Екі әңгімеде де заман өзгерісіне ілесе алмаған ауыл қарияларының тағдыры арқылы қазақ қоғамының өткел кезеңдегі рухани күйзелісі бейнеленеді. Құндылықтар өзгергенімен, атамекенге деген сүйіспеншілік өзгермейді. Жердің нарыққа айналуы, ауылдың қирауы – тек әлеуметтік трагедия емес, ұлттың өзін-өзі жоғалту қаупі ретінде сипатталады. «Ауыл» мен «Атамекен» жай ғана өмір сүретін мекен емес, ол – ұлттың ділі мен дүниетанымын бойына жинақтаған киелі кеңістік. Ақын Алақанұлы «Ауыл» әңгімесінде кеңестік жүйенің қалдығы мен нарықтық қатынас аралығында таласқа түскен ауыл бейнесін көрсетсе, Ақселеу Сейдімбек «Атамекен» әңгімесінде туған жердің әрбір сай-саласын жүрекпен сезінетін, топырағынан ажыраса рухани құдіреті жойылатын қазақ болмысын көрсетеді. Әдеби үдерістегі жаңашылдық ұғымы әрдайым идеялық-көркемдік ізденістермен тығыз байланысты. Бұл тұрғыда жазушының кейіпкер таңдауындағы, сюжет құру мен композиция ұйымдастырудағы өзіндік стильдік ерекшеліктері де елеулі рөл атқарады. Қазіргі көркем әдебиетте адам болмысын терең ашу, кейіпкердің ішкі жан дүниесі мен рухани әлемін бейнелеу барысында классикалық дәстүрлермен үндестік орнатпайтын қаламгер кемде-кем. (Майтанов, 1996). Жалпы алғанда «Ауыл», «Атамекен» — қазақ әдебиеті аясында ғана емес, әлем әдебиетіндегі жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштасатын тақырып. Онда жады, туған жер, рухани жалғыздық мәселелері У. Фолкнер, Д. Стейнбек, А.Чехов, Ш. Айтматов секілді т.б. әлем классиктеріндегі ауыл мен адам қатынасына ортақ сипатта көрініс тапқан.

У. Фолкнердің «Деревушка» романы мен А. Алақанұлының «Ауыл» әңгімесі арасында тарихи, мәдени және ұлттық контекстері тұрғысынан өзгеше болса да, адам және орта, ауыл өмірі мен қоғамның күйі сияқты әмбебап мәселелер жөнінде ұқсастықтар бар.

Екі шығармада да ауылдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық өзгеруі басты мотив ретінде көрінеді. У. Фолкнердің ауылында өзгеріс сатқындық пен цинизм арқылы көрсетілсе,

А. Алақанұлында бұл мәңгілік мекеннің жоғалуының трагедиясы ретінде беріледі.

Садырхан мен Флем Сноупс екеуі де жаңа капиталистік құндылықтардың өкілдері, бірақ Флем пайдакүнем, ал Садырхан — биліктің жасырын механизмдерін өз мақсатына пайдаланады. Фолкнердің Йокнапатофа округі — мифтік Оңтүстіктің рухы, ал Қызылжар — қазақтың рухани бесігі. Екі жазушы да табиғатты аумақтың жоғалуының метафорасы ретінде қарастырады:

• Фолкнерде бұл ормандардың қырқылуы, ал А. Алақанұлыда — Ертіс бойының бұзылуы.

Екі шығарма да «дәстүрлі қоғамның құлдырауы» универсалды тақырыбын қозғаса да, Фолкнердің әңгімесі саяси-тарихи контекстке (Американың Оңтүстігі), ал «Ауыл» әңгімесі рухани-мәдени тұрғыдан (қазақтың номадтық көшпенділігінің мұрасы) жақын.

Фолкнердің «Деревушкасы» — ұжымдық психиканы зерттеу болса, ал Ақын Алақанұлы — жеке трагедия арқылы ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесін көтереді.

Ауылдық кеңістіктің жаһандану жағдайындағы өзгерістерін бейнелеу екі шығармада да ортақ тақырып ретінде көрінгенімен, олардың көркемдік шешімі мәдени-тарихи контекст пен авторлық позицияның ерекшеліктері арқылы әрқилы сипат алады. Мәселен, Уильям Фолкнердің «Крик и ярость» романында американдық Оңтүстіктің күйреуі, тарихи дәстүрлердің ыдырауы мен байырғы ақсүйек отбасылардың моральдық және рухани құлдырауы көркемдік өзекке айналады. Аталған шығармада қоғамның жаңаруына бейімделе алмай, тарихи жадымен өмір сүретін кейіпкерлердің ішкі күйзелісі мен рухани құлдырауы терең психологиялық әдістермен берілген. Бұл мотивтер Тұрлыбек бейнесімен үндес келеді: ол да өз ата-қонысынан, өткен дәуірдің тынысынан айырылған соң рухани жұтаңдыққа ұшырап, іштей күйзеледі. Екі кейіпкер де – Тұрлыбек те, Фолкнер кейіпкерлері де – жаңаша жүйеге бейімделе алмай, тарихи тамырынан айырылған адамның трагедиялық күйін танытады. Сонымен қатар, Джон Стейнбектің «Ашу жемістері» романында да экономикалық дағдарыс салдарынан жерінен, кәсібінен, тіпті болмысынан айырылған шаруалар бейнесі көркем сипат табады. Жерінен күштеп қуылып, тіршілік көзі жойылған Джоудтар отбасының өзге өлкеге үдере көшуі – Тұрлыбектің отбасымен бірге ата-баба қонысын амалсыз тастап, қалаға қоныс аударуымен мазмұндық жағынан үндес. Екі туындыда да жаһандану мен нарықтық қатынастарға бейімделе алмаған қарапайым халық өкілдерінің шарасыз тағдыры, туған жерге деген қимастық сезімі және әлеуметтік әділетсіздік көркемдік-философиялық проблема ретінде көтеріледі.

Осылайша, «Ауыл» әңгімесі мен Фолкнер мен Стейнбек туындылары арасында ауылдық өмір салтының күйреуі, рухани тамырдан үзілу, әлеуметтік теңсіздік пен адамдық қасиеттің жоғалуы секілді ортақ тақырыптық қабаттар байқалады. Алайда, әр шығарма өз дәуірінің, өз мәдениетінің ерекшелігіне сай көркемдік интерпретация ұсына отырып, жаһандық әлеуметтік өзгерістерге тән құндылықтық дағдарыстың түрлі қырын ашады.

Әдеби шығармада кейіпкердің ішкі жан дүниесін, сезім толқынысын және рухани болмысын тереңінен суреттеп беру – психологизм тәсілі арқылы жүзеге асады. Психологизм – адам болмысының рухани қырларын танып-білуде маңызды көркемдік-танымдық құрал ретінде қызмет етеді. Адамның ішкі әлемі – күрделі де көпқырлы рухани құрылым. Осы ішкі тереңдіктерді тану мен бейнелеуде психологизм әдісінің орны айрықша.

Өмірдің ақиқат шындығын қаламгер кейіпкер мінезі арқылы да ашып көрсету маңызды. «Объективтік шындық қанша маңызды, қызықты болғанымен, ол қаһарманның мінез шындығымен бірлестікте берілмесе ақиқат жартыкеш көрінеді. (Байтұрсынов, 2003).

«Аят оқылып біткен соң олар зират ішін аралап, өткен кеткен қимастарын еске алып бірқыдыру аялдады. Қазарласа тұрған әкесі мен шешесінің қабірінің қасына келгенде олар аяқ жак тұсындағы ашық алаңқыны нұсқап біздің орнымыз айтқан осы гой тегінде» деді. Ол онын ұлына кесе аманаты еді». Осы эпизод арқылы жазушы адамның ішкі жан әлеміндегі рухани қабылдауын, өлім мен өмір, тағдыр мен үміт арасындағы нәзік шекараны көрсетіп, психологизмнің көркемдік мүмкіндіктерін тиімді пайдаланғанын байқауға болады. Эпизодтағы басты мән — адам мен өлімнің арасындағы үнсіз келісім, ажалмен бетпе-бет келу. Әкесі мен шешесінің зиратының жанындағы ашық алаңды

меңзеу арқылы кейіпкер өлімге деген ішкі дайындығын білдіреді. Бұл – ұрпақтар сабақтастығына, адам болмысының өткіншілігіне қатысты философиялық ойларға жетелейді. Диалогтың қысқа да нұсқа берілуі – ішкі толғаныстың тереңдігін арттырады. «Біздің орнымыз осы ғой тегінде» – бұл сөз сырттай қарағанда қарапайым естілгенімен, астарында үлкен экзистенциалды мазмұн жатыр. Бұл – өз өмір жолының соңын қабылдаған адамның философиялық түйіні, тағдырмен келіскендік белгісі.

XX ғасырдың екінші жартысында көркем әдебиетте жаңа сипаттағы символдық-астарлы бейнелеу тәсілдеріне ерекше мән берілді. Бұл үрдіс дүниежүзілік әдеби үдерістегі елеулі жаңалықтардың бірі ретінде танылды. Себебі дәстүрлі нақтылы образдармен салыстырғанда символ табиғаты әлдеқайда кең мазмұнды қамтиды. Символдық құрылымдар арқылы терең мағыналар мен сан алуан астарлы ой-толғамдар көрініс тауып, көркем туындының идеялық-философиялық ауқымы кеңейе түсті.

Академик З. Қабдоловтың пайымдауынша, «әдеби шығармадағы символ жалаң немесе қарапайым түрде көрініс таппайды, ол автордың терең ой-толғамдары арқылы оқырманның сезіміне әсер етіп, санасында терең із қалдырады» (Қабдолов, 2003).

Зират – бұл тек физикалық кеңістік емес, рухани еске алу, өткенімен бетпе-бет келу кеңістігі. «Аяқ жақ тұсындағы ашық алаң» – символдық тұрғыдан адамның өмірінің соңғы аялдамасы, уақыт пен кеңістіктегі өзіне тиесілі орын. «Алаң» – өмір мен өлімнің шекарасы, әрі ұлға қалдырылған үнсіз өсиет.

Қаламгер өз шығармаларында кейіпкерлерінің қуаныш-сүйінішін, жан әлеміндегі ішкі құбылыстарын сезімге толы етіп жеткізе білген. Жазушы шығармаларында адам тағдыры, кейіпкер жан дүниесі, парасаты, рухани биіктігі, сергек сезімі әртүрлі көркемдік тәсілдермен талданып жатады. Осындай көркемдік тәсілдердің бірі диалог құруда қаламгер шеберлік танытады. «Біздің орнымыз осы ғой тегінде» деген сөйлем – жай ғана аманат емес, ұрпаққа рухани мұра, фәлсафалық бағдарлама. Бұл диалог — шығармадағы бүкіл мазмұнды тереңдетіп, оқырманға өлімнің табиғаты, тағдырға мойынсұну, өткенге тағзым сынды тақырыптар туралы ой салады.

Қорытынды

А. Алақанұлының «Тер тамған жер» және «Ауыл» әңгімелері – қазақ прозасында тарихи жады мен рухани трансформацияны көркемдік-философиялық тұрғыдан пайымдаудың өзіндік үлгісі. Бұл шығармаларда жеке кейіпкердің ішкі жан дүниесі мен тағдыры арқылы тұтас ұлттың тарихи-әлеуметтік болмысы, ұлттық санадағы күрделі өзгерістер және жаһандану үдерісінің ықпалы терең көрініс табады. Жазушы замана шындығын бейнелеумен қатар, қазақ халқының өткені мен бүгінгі арасындағы рухани сабақтастықты көркемдік концепция ретінде алға тартады. Әсіресе, ауыл өмірінің күйреуі, дәстүрлі тіршіліктің ыдырауы мен ұлттың тамырынан ажырау процесі көркемдік тұрғыдан шебер суреттеледі.

«Тер тамған жер» әңгімесінде туған жер ұғымының тек географиялық кеңістік емес, рухани-мәдени жадтың бір бөлігі екендігі көркем баяндалады. Мұнда атадан балаға жалғасатын ұрпақ сабақтастығы мен тарихи жадының кейіпкер санасындағы бейнесі негізгі идеялық желі ретінде алынады. Ал «Ауыл» әңгімесі тұлғаның ішкі күйзелісі мен әлеуметтік оқшаулануы арқылы дәстүрлі ортадан қол үзудің рухани дағдарысқа әкелетінін нақты дәлелдейді. Бұл шығармаларда автор кейіпкердің психологиялық күйзелісін ұлттық құндылықтардың ыдырауымен байланыстыра отырып, экзистенциалды деңгейде философиялық ой қорытады.

Жалпы алғанда, А. Алақанұлы кейіпкерлерінің бейнесі – жаһандық өзгерістерге бейімделе алмай, болмыстық түбірін жоғалту қаупімен бетпе-бет келген жандардың көркем көрінісі. Бұл – ұлттық идентификация мен рухани жаңғыру проблематикасын алға тартатын маңызды көркемдік-эстетикалық бағдар. Жазушының көркемдік жүйесінде тарихи жадыны жаңғырту, тұлғалық тұтастықты сақтау және ұлттық рухты жаңа әлеуметтік жағдайларда қайта пайымдау мәселелері басым көрінеді. Осы тұрғыдан келгенде, аталған шығармаларды қазіргі қазақ әдебиетіндегі рухани-эстетикалық ізденістермен сабақтастыра зерттеу – ұлттық болмысты ғылыми тұрғыда тануға және көркем ой кеңістігін тереңдете түсуге мүмкіндік береді.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ

Авторлардың қосқан үлесі:

Сыздықов С.Қ. – мақаланың басты ғылыми идеясы мен тұжырымдамалық негіздерін айқындап, зерттеу материалдарына кешенді ғылыми-аналитикалық талдау жүргізді.

Таңжарықова А.В. – зерттеу нәтижелерін жүйелі түрде қорыту мен ғылыми интерпретациялау негізінде мақаланың негізгі мазмұндық құрылымын жасақтады.

Әдебиеттер тізімі

- Алақанұлы А. (2010). Сағыныш. Павлодар: ЖК Павлодар.
- Алпысбаев Қ. (2004). Көркем мәтінді талдау әдістері. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті.
- Байтұрсынов А. (2003). Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. Алматы: Атамұра.
- Baitanasova K. (2023). Auyl beinesi zhane ulttyk tanym // Euraziya gumanitarlyk institutynyn Nabarshysy, №2, 244–258.
- Бахтин М. (1975). Вопросы литературы и эстетики. Москва: Москва.
- Бердібай Р. (1997). Тарихи роман. Оқу құралы. Алматы: Санат.
- Жанұзақова Қ.Т. (2015). Әдебиеттануға кіріспе. Алматы: Мерей.
- Майтанов Б. (1987). Қаһарманның рухани әлемі. Алматы.
- Майтанов Б. (1996). Қазақ романы және психологиялық талдау. Алматы: Санат.
- Пірәлиева Г. (2003). Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Алматы: Алаш.
- Қабдолов З. (2003). Таңдамалы шығармалар. 2-том. «Сөз өнері». Алматы: Санат.
- Таңжарықова А.В. (2008). Д. Исабеков прозасының көркемдік әлемі. Алматы.
- Шамякина Т.И. (2001). Беларуская класіческая літаратура і міфалогія. Минск: БДУ.
- Abrams, M.H. (2005). A Glossary of Literary Terms (8th ed.). Thomson Wadsworth.
- Eliade M. (2001). Киелі және қарапайым: Діни құрылымдар туралы зерттеу. Қазақ тіліне Аударған А.Құрманбаев. Алматы: Дайк-Пресс.
- Jung C.G. (1971). Complexes. Archetype. Symbols in the Psychology. Princeton University Press.

С.К. Сыздықов, А.В. Танжарикова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Поэтика национальной самобытности: историческая память и духовная трансформация в произведениях А. Алаканулы

Аннотация. В статье рассматриваются национальный дух, историческое сознание и личностная трансформация в современной казахской прозе через архетипические структуры

национальной поэтики и художественные приёмы в рассказах А. Алаканулы «Тер тамған жер» и «Ауыл». Основная цель данного исследования – выявить концептуальные основы поэтики писателя посредством художественно-эстетического и литературно-теоретического анализа вопросов национального бытия, исторической памяти и духовной трансформации в прозаических произведениях А. Алаканулы. Основные направления – анализ диалектики исторического времени и субъективного сознания, архетипической связи национальной памяти и пространства, а также художественного образа традиции и обновления. Главная идея исследования – раскрыть значение единства пространства и времени, символической системы и психологического изображения в возрождении национального бытия и исторического сознания. Методология исследования опирается на структурный, семантический и поэтический анализ. Архетипический анализ позволил выявить символическую взаимосвязь национальной памяти и пространства; хронологический подход дал возможность раскрыть художественную функцию пространства и времени; символическая интерпретация и психолого-поэтическое портретирование были использованы для понимания духовной трансформации персонажа. В произведениях «Тер тамған жер» и «Ауыл» на художественном уровне показаны связь исторической эпохи с личным сознанием, а также экзистенциальный кризис и духовное обновление.

В статье предлагается методическая модель исследования национальной идентичности на основе художественного текста, дополняются направления комплексного анализа национальной поэтики современной казахской прозы, а также раскрываются теоретико-методологические аспекты художественного осмысления национального духа и исторического сознания в литературоведении.

Ключевые слова: историческая память, духовная трансформация, архетип, хронотоп, постколониальный дискурс.

S.K. Syzdykov, A.V. Tanzharikova

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Poetics of National Identity: Historical Memory and Spiritual Transformation in the Works of A. Alakanuly

Abstract. The article analyzes national spirit, historical consciousness, and personal transformation in contemporary Kazakh prose through the archetypal structures and artistic system of A. Alakanuly's short stories «Ter tamğan zher» and «Aýyl». The study aims to determine the conceptual foundations of the writer's poetics by applying artistic-aesthetic and literary-theoretical analysis to themes of national existence, historical memory, and spiritual renewal. The research focuses on the dialectics of historical time and subjective consciousness, the archetypal correlation between national memory and spatial imagery, and the artistic representation of tradition and transformation. Particular attention is given to the unity of space and time, the symbolic system, and psychological characterization as key mechanisms for reconstructing national identity and reviving historical awareness.

Methodologically, the study employs structural, semantic, and poetic analysis. Archetypal analysis reveals the symbolic interconnection between memory and space, while the chronotopic approach clarifies the artistic function of temporal and spatial categories. Symbolic interpretation and psychological-poetic portraiture are used to examine the character's inner evolution.

The findings demonstrate that in «Ter tamğan zher» and «Aýyl» the interaction of historical time and subjective consciousness, existential tension, and spiritual rebirth is conveyed through a coherent symbolic and chronotopic structure.

The article proposes a methodological model for exploring national identity through literary texts and advances the study of national poetics, the national spirit, and historical consciousness in contemporary Kazakh prose.

Keywords: historical memory, spiritual transformation, archetype, chronotope, postcolonial discourse.

References

- Alakanuly, A. (2010). Sagynysh. [longing]. Pavlodar: Pavlodar Publishing (Individual Entrepreneur). (in Kazakh)
- Alpysbaev, K. (2004). Korkem matindi taldau adisteri. [Methods of Literary Text Analysis]. Oku kuraly. Almaty: Kazakh University Publishing House. (in Kazakh)
- Baitursynov, A. (2003). Adebiet tankysh. [The Theory of Literature]. Zertteuler men olender. Almaty: Atamura. (in Kazakh)
- Baitanasova, K. (2023). Auyl beinesi zhane ulttyk tanym. [Rural Image and National Identity]. Euraziya gumanitarlyk institutynyn Habarshysy, 2, 244–258. (in Kazakh)
- Bakhtin, M. (1975). Voprosy literatury i estetiki. [Questions of literature and aesthetics]. Moscva. (in Russian)
- Berdibai, R. (1997). Tarihi roman. [Historical Novel]. Oku kuraly. Almaty: Sanat Baspasy.
- Zhanuzakova, K. T. (2015). Adebiettanuga kirispe. [Introduction to Literary Studies] Almaty: Merey. (in Kazakh)
- Maitanov, B. (1987). Kaharmannyn rukhani alemi. [The Spiritual World of the Hero]. Almaty. (in Kazakh)
- Maitanov, B. (1996). Kazak romany jane psihologiyalyk taldau. [The Kazakh Novel and Psychological Analysis]. Almaty: Sanat. (in Kazakh)
- Piralieva G. (2003). Korkem prozadagy psihologizmnin keibir maseleleri. [Some Issues of Psychology in Literary Prose] Almaty: Alash. (in Kazakh)
- Kabdolov Z. (2003). Tandamaly shygarmalary. [Selected Works]. Vol. 2: The Art of the Word – Textbook Monograph: Analyses and Reflections. Almaty: Sanat. (in Kazakh)
- Tanzharykova A. V. (2008). D. Isabekov prozasynyn korkemdik alemi. [The Artistic World of D. Isabekov's Prose]. Almaty. (in Kazakh)
- Shamyakina, T. I. (2001). Bielaruskaya klasicheskaya literatura i mifalohiya [Belarusian Classical Literature and Mythology]. Minsk: BDU.
- Abrams, M.H. (2005). A Glossary of Literary Terms (8th ed.). Thomson Wadsworth.
- Eliade M. (2001). Kieli zhane karapayym: Dini kurlymdar turaly zertteu. [The Sacred and the Profane: A Study of Religious Structures]. Kazak tiline Audargan A. Qurmanbaev. Almaty: Daik-Press. (in Kazakh)
- Jung, C. G. (1971). Kompleksy, arkhetypy i simvoly v psikhologii. [Complexes, Archetypes and Symbols in Psychology]. Princeton: Princeton University Press. (in Russian).

Авторлар туралы мәлімет:

Сыздықов Серікбол Құсайынұлы – аға оқытушы, PhD доктор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: sake.sakebaev@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8444-6373>

Таңжарықова Алуа Василийқызы – филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: Alua1973@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5575-9813>

Сыздықов Серікбол Қусаинович – старший преподаватель, доктор PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Астана, Казахстан. sake.sakebaev@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8444-6373>

Танжарикова Алуа Васильевна – доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан. E-mail: Alua1973@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5575-9813>

Syzdykov Serikbol Kusainovich – Senior Lecturer, PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Astana, Kazakhstan. E-mail: sake.sakebaev@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8444-6373>

Tanzharikova Alua Vasilevna – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: Alua1973@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5575-9813>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).